




Диалогті дамыту маңызды



Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Сьерра-Леоне Республикасының Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Тимоти Муса Каббамен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Сьерра-Леоне арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері ортақ қндылықтар мен мүддеге негізделген өзара сындарлы диалог қалыптасқанын атап өтті. Сұхбат кезінде парламентаралық ынтымақтастық, оның ішінде достық топтарының өзара іс-қимылы екіжақты байланыс-

ты одан әрі нығайтудың маңызды тетігі екені айтылды.

«Парламентаралық диалог елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Африка елдерімен, оның ішінде Сьерра-Леонемен ынтымақтастықты нығайту мақсатымен Сенатта достық тобын құрдық. Екіжақты өзара іс-қимылды арттыру жолында достық топтарының әлеуетін тиімді пайдалануға зор мүмкіндік бар. Біз алдағы уақытта елдеріміздің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты жүйелі жолға қойып, дамытуға дайын-

быз», деп палата спикері Сьерра-Леоне еліне БҰҰ Бас Ассамблеясының «Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығы» туралы қарарын бірлесіп жазғаны үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар тараптар Қазақстан мен Сьерра-Леоне арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарына назар аударып, сауда-экономикалық байланыстардың әлеуетін толық пайдалану мәселесін талқылады. Осы орайда Орта дәліз ретінде белгілі Транскаспий халықаралық көлік маршрутының мүмкіндіктері туралы сөз болды.

Сұхбат кезінде тау-кен өндірісі, пайдалы қазбаларды өндіру, білім беру, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар және цифрландыру салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыру мәселелеріне де мән берілді.

Одан бөлек, 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі және рухани дипломатия мәселелері әңгімеге арқау болды.



Президент Израиль Мемлекеті Кнессетінің Төрағасын қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Израиль Парламенті спикерінің Қазақстанға сапары қазақ-израиль қарым-қатынасын нығайтуға екі елдің де бейіл екенін растайды.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықтың перспективасын қарастыру тұрғысынан бұл сапардың мәні зор деп санайды.

Кездесуде сауда-экономикалық серіктестікке баса назар аударылды.

Сонымен қатар су ресурстары саласындағы кооперация мәселесі талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Израильде жасалған озық технологияларға жоғары баға беріп, еліміз аталған бағытта серіктестік орнатуға әзір екенін растады.

Амир Охана қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Ол екі елдің көпжоспарлы байланыстарының табысты дамып, ықпалдастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып келе жатқанына тоқталды.

Үкіметте бизнес саласындағы негізгі мәселелер талқыланды

Үкімет аппаратында Премьер-министрдің орынбасары-ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Отырысқа мемлекеттік органдардың өкілдері мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшелері қатысты. Олар қазіргі реттеу ортасының жай-күйі мен бизнес саласындағы негізгі мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында бірқатар маңызды бағыттар бойынша реттеушілік әсерге жүргізілген талдаудың нәтижелері қаралды. Негізгі мәселелердің бірі жеңіл өнеркәсіп тауарларының таңбалануын және қадағалануын енгізу, сондай-ақ жоғары вольтты жабдықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілеу болды. Зияткерлік меншік құқықтарының объектілерін пайдалануды бақылау, сондай-ақ жоғары вольтты жабдықтың белгіленген стандарттарға сәйкестігін міндетті түрде растау мәселелері талқыланды.

Талқылаудың маңызды бөлігі кәсіпкерлік қызметте адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс тобының ұсыныстары болды.

Мемлекеттік реттеуші органдар мен комиссия мүшелері ұсынған тұжырымдар негізінде реттеушілік әсерге жүргізілген талдаудың нәтижелері қаралып, мақұлданды.

Серік Жұманғарин бизнес-қауымдастықтың хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында мемлекеттік реттеуші органдарға енгізіліп жатқан реттеу құралдары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Бұдан бөлек, отырыста бизнестің өзекті мәселелерін шешу үшін Ұлттық экономика вице-министрі төрағалық ететін әрі «Атамекен» ҰКП тең төрағалығымен жұмыс тобын құру ұсынылды. Бұл жұмыс тобы екі аптада бір рет тұрақты түрде бас қосып, әр сала бойынша кәсіпкерлер тап болатын мәселелерге назар аударатын болады.

«Созақ үні»-ақпарат.



Кнессет спикерімен кездесті

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Астанаға ресми сапармен келген Израиль Кнессетінің спикері Амир Оханамен кездесті. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Палата төрағасы Израиль Қазақстанның Таяу Шығыстағы негізгі серіктесінің бірі екеніне назар аударып, Қазақстан Израильмен жан-жақты ынтымақтастықты күшейтуге мүдделі екенін атап өтті.

—30 жылдан аса уақыт ішінде Қазақстан мен Израиль арасында жоғары сенімге негізделген саяси диалог орнатылды. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Израиль Президенті Исаак Герцогтің жуырдағы телефон арқылы сөйлесуін ерекше атап өткен жөн. Әңгімелесу барысында Израиль Президентінің биыл

Астанаға ресми сапарын өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл Қазақстан-Израиль ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезеңге айналатыны және елдерімізді жақындастыруға елеулі үлес қосатыны сөзсіз,—деді Е.Қошанов.

Мәжіліс спикері мәртебелі мейманға Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық реформалардың нәтижелері туралы айтып берді.

Сонымен қатар тараптар екіжақты әріптестікті дамытуда заң шығарушы органдардың рөліне тоқталып, парламентаралық байланысты тереңдетуге уағдаласты.

—Біз Израильмен парламентаралық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделіміз. Болашақта достық топтар мен бейінді ко-

митеттер деңгейіндегі ықпалдасуымызды одан әрі нығайтуға шақырамын, — деді Палата төрағасы.

Кездесу барысында сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, IT, жасанды интеллект, денсаулық сақтау, су ресурстарын басқару мен мәдени-гуманитарлық салалардағы серіктестік мәселелері де қозғалды.

Өз кезегінде Амир Охана

мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық қарқынды дами беретініне сенім білдіріп, Қазақстанмен жаңа технология, инновация саласында тәжірибе алмасуға дайын екенін айтты.

—Болашақ технология, инновация мен білімде екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Осы орайда екі елдің игілігі үшін бар күш-жігерімізді біріктіруге болады деп санаймыз. Сіздермен жиған білімімізбен, идеяларымызбен және технологияларымызбен бөлісуге дайынбыз, — деді А.Охана.

Кездесу соңында тараптар мұндай сапарлар елдерімізге екіжақты ынтымақтастықты, халықтарымыз арасындағы достық пен парламентаралық байланысты нығайтуға мол мүмкіндік беретінін атап өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кіру кезінде артық кедергілер мен тосқауылдарды жою, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы тапсырмасына сәйкес, Заңнамаларға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осыған орай, 2023 жылдың 1 наурызынан бастап мемлекеттік қызметке кірудің жаңа жүйесі іске қосылып, мемлекеттік органдар арасында кезең кезеңмен енгізілуде.

Осы жылдың шілдесінен айынан бастап іріктеудің жаңа жүйесі Түркістан облысының жергілікті атқарушы органдарында енгізілетін болады.

Бұрынғы жүйе бойынша: еgov порталы арқылы тестке жазылып, тестілеу залына келіп, заңнамаларға және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеулерінен өту, сондай-ақ, бос лауазымдарға құжат тапсырып, жеке мемлекеттік органға конкурстық комиссияға әңгімелесуге бару керек болатын.

Қазіргі таңда, бүкіл процестер толық автоматтандырылуда.

Бұл ретте, «Е-қызмет» жүйесінің сыртқы порталында іске асырылатын конкурстық рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге мемлекеттік органға келмей, үйден отырып-ақ конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметке түскісі келген үміткерлер ең алдымен egov.gov.kz интернет-порталы арқылы сәйкестендіру номерін алады, яғни оның үміткердің аты-жөні жазылады.

Бұл мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, «Е-қызмет» барлық маңызды ақпараттық жүйелермен интеграция жасалынды.

Ол мемлекеттік қызметке үміткерлерді артық құжат жинаудан босату, өзге ақпараттық жүйелерден үміткер туралы ақпарат алу, оның соттылығы немесе өзге бұзушылықтарға қатысы бар-жоғын тексеру, біліктілік талаптарына сай келуін қарау-мұның бәрін автоматты түрде жүйе өзі жасайды.

Осы ретте, конкурсқа қатысу үшін интернетке қосылған, веб камерасы, микрофоны бар компьютер болса жеткілікті.

Оған қоса, жаңа жүйе бойынша тестілеу жүргізілетін нормативтік-құқықтық актілердің саны екі есеге – 9-дан 4-ке дейін қысқартылды.

Іріктеу рәсімдерінің кең ауқымда цифрландырылуы өз кезегінде мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді.

А. НАУРЫЗБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 01-04 сәуір күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған, Шолаққорған, Құмкент, Жартытөбе ауылдық округтерінің және Таукент кентінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 7 ауылдық округ 1 кентте өткен жиындарға 732 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары менаудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының басшы-

лары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 13 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, бай-

ланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкестіісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен есепті кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Қаратау ауылдық округі Ақсұмбе елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көше мен Сарыжаз елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшеге асфальттау жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 01.09.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов
2	Бақырлы елді мекенінен мал тоғыту алаңының құрылыс жұмыстарын ұйымдастырсын.	Мерзімі: 01.09.2025 жыл	Қ.Оразов Б.Махашбаев О.Ермахан
3	Ақсұмбе елді мекенінде атауы жоқ №1 көшеге 0,5 шқ, Сарыжаз елді мекенінде атауы жоқ №1 көшеге 0,6шқ жарықтандыру жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.05.2025 жыл	
4	Сарыжаз елді мекеніне балалар ойын алаңшасын салу жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.05.2025 жыл	О.Ермахан
1	Қарақұр ауылдық округі Раң елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшеге 1,5 шқ, Қарақұр елді мекеніндегі Наурыз көшесіне 2,1 шқ, Наурыз-1 көшесіне 1,7 шқ, Абай көшесіне 0,9 шқ, Шаға елді мекеніндегі Шаға көшесіне 2,1 шқ асфальттау жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 01.09.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов
2	Қарақұр елді мекенінде беккери шұңқырының құрылыс жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылсын.	Мерзімі: 01.09.2025 жыл	Қ.Оразов, Б.Махашбаев
1	Созақ ауылдық округі Ыбырай елді мекеніндегі атауы жоқ №1, №2 көшелерін асфальттау, атауы жоқ №3 көшеге қиыршық тас төсеу, Созақ елді мекеніндегі Құрманғазы, Мәтенбаев көшелерін асфальттау, Рысбек, Әуезов, атауы жоқ №1, қатты қалдықтар тастайтын полигонға баратын көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.05.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов
2	Созақ елді мекеніндегі Қожамбердиев, Мәметова, Шілманбет, Сәтбаев, Сейфуллин, Жүсіпов, Түркістан, Рысбек, Отырар, Құрманғазы, Ыбырай-2 көшелері мен Созақ – Шолаққорған бағытындағы автомобиль жолдарына көше жарығын жүргізу жұмыстары тиісті деңгейде ұйымдастырылсын.	Мерзімі: 01.06.2025 жыл	Б.Аяпов
1	Сызған ауылдық округі Қайнар елді мекеніндегі Әділбеков, Әметшеев, Қайнарбұлақ көшелерін асфальттау жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 01.09.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов
2	Қозмолдақ елді мекенін тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында ЖСҚ әзірленсін.	Мерзімі: 01.11.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов
3	Сызған елді мекеніндегі Мектеп, Тастақ, Кәріғаш, Қозмолдақ елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшелерге жарықтандыру жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.05.2025 жыл	Қ.Оразов, Е.Аманов

Б.АЛЕНОВ,
Ұйымдастыру - инспекторлық бөлімінің бас инспекторы.

Аудан әкімінің халықпен есепті кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Жартытөбе ауылдық округі Жартытөбе ауылдық округі, Бабата елді мекені, Жібек жолы көшесіндегі су өткізгіш құбырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 30.08.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов Е.Аманов Д.Жүсіпов
2	Бабата елді мекені, атауы жоқ №1 көшесіне ағымдағы жөндеу (қиыршық тас төсеу) жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 01.07.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов Е.Аманов, Д.Жүсіпов
3	Аққолтық елді мекеніндегі Арқабаев көшесіне жарықтандыру жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 20.06.2025 ж.дейін.	Д.Жүсіпов
4	Жартытөбе ауылдық округі Бабата елді мекенінен балалар ойын алаңын салу жұмыстарын атқарсын.	Мерзімі: 20.08.2025 ж.дейін.	Д.Жүсіпов
1	Құмкент ауылдық округі Құмкент ауылы, Қызылқанат, Жамбыл көшелерін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 01.09.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов Е.Аманов, Е.Балықбаев
2	Құмкент елді мекені, Берденұлы көшесіне балалар ойын алаңын салу үшін тиісті жұмыстарды жүргізісін.	Мерзімі: 01.07.2025 ж.дейін.	Е.Балықбаев
3	Құмкент және Қызылкөл елді мекендердің арасын жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастырсын.	Мерзімі: 31.05.2025 ж.дейін.	Е.Балықбаев
1	Таукент кенті Таукент кентіндегі көп қабатты үйлердің аулаларындағы автомобиль жолдарына ағымдағы жөндеу (асфальт) жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жұмыстарды атқарсын.	Мерзімі: 15.09.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов, Е.Аманов Е.Дәулетбаев
2	Таукент кенті, Тойшыұлы, кіші Коттедж және Көжик көшелеріндегі орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін тиісті жұмыстарды атқарсын.	Мерзімі: 15.09.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов, Е.Аманов Е.Дәулетбаев
3	Таукент кенті, Жыныс ата және Кеңесбаев көшелеріне электр бағаналары мен электр желілері жүргізілсін.	Мерзімі: 01.09.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов, Е.Аманов Е.Дәулетбаев
4	Таукент кентінің С.Әліұлы мектебінен бастап Жыныс ата мешітіне дейін жаяу жүргіншілер жолын жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастырсын.	Мерзімі: 01.07.2025 ж.дейін.	Е.Дәулетбаев
1	Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылында қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орынның жобалау-сметалық құжаттамасын, мемлекеттік сараптамадан өткізсін.	Мерзімі: 01.07.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов, Е.Аманов Б.Есенқабыл
2	Аудандық маңызы бар Шолаққорған-Балдысу автомобиль жолындағы су өткізгіш құбырға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 01.08.2025 ж.дейін.	Қ.Оразов, Е.Аманов Б.Есенқабыл
3	Шолаққорған ауылы, Төлебаев және Б.Тастыбаев көшесін жарықтандыру үшін тиісті жұмыстар атқарсын.	Мерзімі: 20.07.2025 ж.дейін.	Б.Есенқабыл
4	Т.Насыров көшесіне аяқ жол (тротуар) салу жұмыстарын ұйымдастырсын.	Мерзімі: 01.09.2025 ж.дейін.	Б.Есенқабыл

Ө.ДӘУЛЕТБАЕВ,
Ұйымдастыру - инспекторлық бөлімінің бас инспекторы.



Сыпатаевтықтар наурыз мейрамын тойлады

Иә, әне-міне дегенше қыс шығып, көктем де кіріп келді! Биылғы қыс жалпы жайлы болды деуге әбден болады, келісетін шығарсыздар! Көктемнің алғашқы айы наурыз айының да ісі мұсылман үшін қасиетті Рамазан айында ораза ұстаумен жүріп, қалай өткенін білмей қалдық! Әрине, жалпы республикамыз бенен облыс орталықтарындағыдай біздің Созақ ауданының орталығы менен өзге де ауылдарымызда түбі бір Түрік халықтары үшін ортақ, Наурыз мерекесі жылдағыдай әдетпен аталып өтті! Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, көжелер пісіріліп, соңы мәдени және спорттық шараларға ұласқан ұлттық мерекеге Төріскей жұрты түгелдей дерлік қатысты! Ауызы ораза болғандар үшін де кешкісін ауызашар ретін наурыз көжелер беріліп, арты концерттік бағдарламаларға ұласып жатты! Бір сөзбен айтқанда, халқымыз қасиетті ораны да шарттарымен ұстады, ұлттық мерекені де нақышына келтіріп тойлады! Дегенмен, наурыз айы шығып кетсе де, наурыз мерекесі күні бүгінге дейін көше-көшелерде жалғасын табуда! Сондай, наурыз мерекесін сәуір айында да тойлап жатқан көшелердің бірі Шолаққорған ауылы Сыпатаев көшесінің тұрғындары еді! Жалпы, бұл көше тұрғындары ұлттық мейрамымыз наурызды тойлауды біраз жылдан бері әдетке айналдырған. Сонымен, Сыпатаев көшесінің тұрғындары наурыз мерекесі сәуір айының 6, жексенбі күні тойлады. Бір күн бұрын осы көшенің ақжарлықты аналарының бірі Айсара апай хабарласып, ертеңіне өтетін мерекелік шараның қадірлі қонағы болыңыз деп шақырған еді! Алайда, алдын-ала сол күнге дөңгелек қырып қойғаным себепті халықтық шараға қатыса алмадым! Дегенмен, халықтан үлкен емеспін, арнайы қатыспасам да ұлттық құндылықтар әспеттелетін осы бір ұлық мерекелік шараларын аудандық «Созақ үні» газеті менен әлеуметтік желілердегі парақшаларымда мақала-пост жазып, жақсылап насихаттап беруге уәде бердім! Ертеңіне осы көшенің әжелерінің бірі, бастауыш сыныптарда сабақ берген Қырмызы апайым хабарласып, көшелерінде өткен мерекелік шара жайлы жақсылап әңгімелеп, тіпті, жазып берді десем де болады! Сонымен, Қырмызы апайымның айтуынша, 2025 жылдың 6 сәуірі күні Шолаққорған ауылы, Сыпатаев көшесінде өткен наурыз мерекелік шарасын ауыл ақсақалдары, көшенің үлкендері Әлен, Сайлау, Алтынбек, Ниетқабил, Болат, Ербол менен Амангелді қариялар сөз сөйлеп ашып беріпті! Айтқандай, бұл мерекелік шараға көше тұрғындарының шақыртуымен Шолаққорған ауылы әкімінің уақытша міндетін атқарушы Болат Есенқабил Лесбекұлы, әлеуметтік маманы Айгүл менен Мансап орталығының бас маманы Ақмаралдар да келіп қатысқан көрінеді! Жай қатысып қоймай, мерекелік шараға арнайы дайындап келген сый-сыяпаттарын, алғыс хаттарын көше тұрғындарына үлестіріп, табыстапты. Жалпы, наурыз тойда үлкен дастархан жайылып, екі түрлі тағам, наурыз көже менен палау әзірленіп, көше тұрғындары менен қонақтардың алдына тартылды. Мерекелік шара барысында күрес, арқан тарту, қол күрес, гир көтеру т.б. спорт түрлерінен сайыстар өтіп, жеңімпаздар марапатталыпты. Сондай-ақ, Сыпатаев көшесінде әдейілеп аталып өтіп жатқан наурыз тойға белсенді түрде қатысқан көше тұрғындары жасына, жынысына қарамастан, еңбегіне қарай заттай сыйлақтарға, алғыс хаттарға ие болды! Әрине, дәстүрлі мерекелік шараны ұйымдастырған, жоғары деңгейде өтуіне ықпал еткен барша көше тұрғындардың атын атап, түсін түстеуге де болар еді! Бірақ ол біраз уақытты алатын болды. Өйткені, ұлттық мереке наурыз тойдың өте қызықты өтуіне үлес қоспаған жан қалмады! Әлбетте, бұл осы Сыпатаев көшесінің тұрғындарының ауызбіршілігінің беріктігінің, ынтымағының жарасқандығының бірден-бірлігі еді! Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен көше тұрғындарының бұл ізгі ісі барша аудан жұртшылығына, отандастарымызға өнеге болары хақ! Ендеше, береке-бірлігі артқан осы бір үлгілі көше тұрғындарына, барша Созақ, Қазақ жұртына ұлыс оң, ақ мол болсын!- деген игі ниетімді білдіремін!

Данияр БЕК,
Аудандық «Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

"Бақытты отбасы-зорлықсыз өмір!"

Түркістан облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің мамандары Жамила Нұржігітова мен Гүлбану Ділдабекованың қатысуымен Созақ ауданында "Бақытты отбасы-зорлықсыз өмір!" тақырыбымен кездесу өтті. Шарада отбасылық-құндылықты сақтап жастайынан еңбекке араласып, ел дамуына сүбелі үлесін қосқан еңбек ардагерлері қонақ ретінде шақырылып, өздерінің өмір жолындағы тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шараны Созақ аудандық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрғайша Махмұтқызы ашып беріп, осы салада талмай



еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлерге Алғыс хат табыстайды. "Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам" әлеуметтік орталығының «Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінің әлеуметтік маманы Саржанов Біржан Рысбайұлы өздерінің атқарып жатқан қызметтерімен таныстырылды. Өз кезегінде аудандық жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы Айжан Манапова сөз алып, еңбек ардагерлері мен шараға қатысқан оқырмандарға мамандық пен еңбектің маңызы жайлы тағылымды пікірін білдіріп, кітап сыйға тартты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Тал көшеттері отырғызылды



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте «Менің атаулы ағашым» тақырыбында шырша отырғызу акциясы өтті. Акцияда 1-сынып оқушылары мен

ата-аналары мектеп ауласына шырша көшеттерін отырғызды. Шырша отырғызу – табиғатты қорғаудың маңызды бөлігі. Ол уақыт келе өсіп, болашақ ұрпаққа көлеңке, таза ауа және табиғаттың көркін бе-

реді. Бұл акция балалардың табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыруға көмектеседі. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналық сөздің өзі жасыл желектің пайдасы барын айшықтап тұрғандай. Акцияға қатысқан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабилбек ағамыз өткізіліп отырған іс-шараның маңызы зор екенін атап өтті. Оқушылар мен оларға қолдау білдіріп келген ата-аналарға ізгі тілегін жеткізді. Созақ ауданының Құрметті азаматы Жасұланов Нұрсейіт қария акцияға қатысушыларға батасын берді. Осындай ерекше тәрбиелік мәні зор акция мектептің тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады.

Раушан ӘЛИМБЕКОВА,
Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.

Балғын балуандарымыз «BALA MUQAN» атанды

Үстіміздегі жылдың 26-28 наурызы аралығында елордамыз Астана қаласында қазақ күресінен дәстүрлі «BALA MUQAN» Республикалық Турнирі болып өтті. Турнирге 2012-2013, 2014-2015, 2016-2017 жылы туған жас, балғын балуандар қатысты. Республикамыздың өңір-өңірлерінен кіл мықты жиналған балғын балуандар бәсекесіне Түркістан облысы, Созақ ауданының да 5 бірдей бала мұқандары да бақ сынауға барды. Өте тартысты өткен балғын балуандар бәсекесінде 5 балуанымыз да Республикалық Турнирдің жеңімпазы, яғни, «BALA MUQAN» атанып қайтты. Атап айтар болсам: Мақажан Мағжан 23 кг; Айдосұлы Балаби 38 кг (2014-2015ж.ж.); Рысбек Бейбарыс 55 кг; Сейілбек Баймұхаммед 38 кг (2012-2013ж.ж.); Асқар Дияс 42 кг салмақ дәрежелерінде боз кілемде қарсылас шақ келтірмеді.

«BALA MUQAN» атанған балғын балуандарымызды Созақ аудандық БЖСМ-нің бап-



керлері: Нұрлыбек Тоқай менен Талғат Сиязбектер баптап, бастап барды. Ендеше, ауданымыздың ғана емес, облысымыздың намысын арқа-лап қазақша күрестен республика бойынша «BALA MUQAN» ды анықтайтын турнирге барған балғын балуандарымыз бенен бапкерлерін, Созақ аудандық БЖСМ-нің ұжымын,

барша Созақ спорт сүйер қауымын оғландырымыздың жеңісімен құттықтаймыз! Бүгін «BALA MUQAN» атанған балғын балуандарымыз болашақта Орта Азия, Еуропа менен Әлем және олимпиада чемпиондары атана беруіне тілектеспіз!

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысына Созақ ауданынан аттанған 6000-ға жуық жауынгер аталарымыздың ішінде созақтық жауынгер Аймұрзаев Түктібай да бар болатын. Құрамында Түктібай атамиз бар 1941 жылы Ақтөбе қаласында құрылған 101-ұлттық атқыштар бригадасы 1942 жылдың 20 қарашасында Калинин майданының 39-армия құрамында Ржев түбіндегі ұрысқа кіреді. Бұл ұрыс Мәскеуді қорғау мен Сталинград майданындағы фашистердің күшін әлсірету мақсатында жоспарланған «Марс» операциясы болатын. Жауынгерлер алдына қойған мақсатына жету үшін күші өзінен әлдеқайда басым жаумен соғысып, зор шығынға ұшырайды. Осы ұрыста қазақстандық жауынгерлердің 80 пайызы қаза табады. «Марс» операциясына қатысқан жауынгерлер туралы деректер 2007 жылға дейін жария етілмей, «Ржев қанды қасабы» немесе «Марс» операциясы туралы деректер ұзақ уақыт бойы айтылмай келді. Әскери тілші Константин Симонов «Өлім аңғары» атаған Ржев түбіндегі шайқас Мәскеу үшін аса маңызды саналды. Себебі Ржев— Вязьма плацдармы Мәскеуге 150 шақырымдай жерде тұр, яғни бұл жер жау әскерінің Мәскеуге кіретін қақпасы секілді болды. Осы бригада құрамында болған жауынгер Түктібай Аймұрзаев Ұлы Отан соғысының жорықты жылдарындағы ерліктері үшін «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», медалімен марапатталған. Жауынгердің «Награда қағазында» былай жазылған: *Жолдас Аймұрзаев Түктібай 1942 жылдың қыркүйек-1943 жылдың 13 қыркүйек аралығында Ұлы Отан соғысында Калинин майданында 101-атқыштар бригадасында 103 таулы атқыштар полкінде взвод командирінің көмекшісі ретінде неміс фашист басқыншыларына қарсы соғысқа қатысқан. Белиж қаласын азат етуде 1943 жылы 13 қыркүйекте снарядтың жарықшағынан ауыр жарадар болады. Оның іш құрлысы зақымданып көк бауырын алып тастайды. Үшінші топтағы соғыс мүгедегі. Бүгінгі таңда Еңбекші депутаттары Созақ аудандық советі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарады. Жұмысына жауапты. Ауданның саяси-қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Ол «II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденіне ұсынуға лайықты.*

Созақ ауданының әскери комиссары Бабашев 1947 жыл 5 маусым.

Партия-кеңес қызметкері, Ұлы Отан соғысының III-топтағы мүгедегі, Еңбек ардагері, Аймұрзаев Түктібай 1914 жылы Созақ ауданы Куйбышев колхозында дүниеге келген. Он тоғыз жасында аудандық «Социалистік шаруа» газетінің бұқарамен жұмыс бөлімінің меңгерушісі. Осы жылы Қызылорда қаласындағы екі жылдық кеңестік партия мектебін бітірген. 1936 жылы қазан айында Қызыл Армия қатарына шақырылуына байланысты қызметінен босатыла-



ды. Сөйтіп 1939 жылы қаңтарда аудандық «Социалистік шаруа» газетінің жауапты хатшысы қызметіне бекиді. 1940 жылы Коммунистік партияның мүшесі қатарына кіреді. 1941 жылы желтоқсанда Қызыл армия қатарына шақырылып 1943 жылы ауыр жарақатына байланысты әскери қызметінен босатылады. 1943 жылдан бері қарай Еңбекші депутаттардың Созақ аудандық советі атқару комитетінің хатшысы, Созақ аудандық жоспарлау комитетінің төрағасы қызметтерін абыройлы атқарады. 1948 жылы Алматы қаласындағы ҚП (б) Орталық комитеті жанындағы 9 айлық партия курсы бітіреді. 1953 жылы Созақ аудандық тұтынушылар одағы басқарма төрағасы, одан Еңбекші депутаттардың Созақ аудандық советі атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан коммунистік партиясы Созақ аудандық партия комиетінде инструктор, Созақ аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Созақ аудандық тұтынушылар одағы басқарма төрағасы, Созақ аудандық тұтынушылар одағы басқармасының ұйымдастырушы инструкторы М.И.Калинин атындағы совхоздың жұмысшылары кәсіподақ ұйымының төрағасы, Созақ аудандық партия комитеті ауылшаруашылығы қызметкерлері мен жұмысшылары кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметтерін адал атқара жүріп, 1978 жылы қазан айында зейнеткерлік демалысқа шығады. Содан ол кісіні М.И.Калинин совхозының басшылығы шақырып, совхоздың кадр бөлімінің аға инспекторы қызметін атқаруға өтініш білдіреді. Ол қызметті 1982 жылға дейін атқарып, «енді немерелерімнің, құдай қосқан қосағымның қасында болайын, аз жұмыс жасаған жоқпын» деп өзінің өтінішімен жұмыстан босайды. Иә, еселі еңбегі еш болған жоқ, ерен еңбектері ескеріліп, «1941-45 жылдары Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы

Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін», «Тыңайған жерлерді игеру», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Жеңістің 20 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Қажырлы еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» мерекелік медалдарымен марапатталады. «Социалистік жарыстың» 1973, 1975 жылдардағы жеңімпазы. 1955 және 1957 жылдары екі рет Созақ аудандық тұтынушылар одағынан, 1963 жылы Шолаққорған ауылдық кеңесінен, 1965 жылы аудандық аурухана сайлау округінен, 1967 жылы Шақырық сайлау округінен, 1969 жылы Созақ аудандық №28-ші паркінен сайлауға түсіп, барлығы алты рет ауылдық кеңестің депутаты болып сайланады. Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылындағы орталық көшелердің бірі Түктібай Аймұрзаевтың атымен аталады. Аймұрзаев Түктібай көкеміздің құдай қосқан жары Қуатбекова Назым анамыз 1921 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1942 жылы 22 тамызда Созақ аудандық қаржы бөлімінде бюджет есепшісі қызметінен бастап, 1950 жылдан бастап аудандық оқу ағарту бөлімінде, аудан орталығындағы мектептерде аудандық білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары қызметтерін абыройлы атқарып, 1971 жылы 26 шілдеде зейнеткерлік демалысқа шығады. Өзінің саналы ғұмырында ел әлеуеті мен экономикасының дамуы жолындағы ерен еңбегі үшін «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Ұлы Жеңістің 50 жылдығы» мерекелік медалдарымен, аудан, облыс, республика басшылығының Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Түктібай атамиз бен Назым анамыз дүниеге үш ұл, екі қыз әкеліп, оларды тәрбиелеп, өсіріп, бәрінің жоғары оқу орындарында оқып, қалаған маман-

дығын алуларына жағдайлар жасайды. Үлкені Кеңес ағамыз алдымен Талдықорған қаласындағы зооветтехникумды бітіріп, оқуын Алматы, мал-дәрігерлік институтында жалғастырады. Жоғары білімді зоотехник ретінде ауданда көп жыл зоотехник, ферма меңгерушісі, бас зоотехник болып бірнеше совхоздарда жемісті жұмыс жасады. Аманкелді ағамыз Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін тәмамдап инженер-механик мамандығын алып шықты. Сол институтта қызметте қалып ғылым кандидаты, профессор, академик атақтарын қорғап, көп жыл кафедралар басқарды. Кейіннен Қазақ-Британ Университетіне ауысып, содан зейнеткерлікке шықты. Пернегүл әпкеміз Қазақтың қыздар педагогикалық институтын бітіріп көп жыл педагогикалық салада жемісті қызмет жасады. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі. Кенже қызы Зейнегүл Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірді. Инженер-топырақтанушы. Көп жыл Шымкенттегі КазГИПРОРИС деп аталатын ғылыми институтта бас маман, бөлім бастығы болып қызмет жасады. Кейіннен институт тарағаннан кейін «ҚазТранс Ойл» компаниясының Шымкент филиалында кадр бөлімінің бастығы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Кенже ұлы Аманғали ағамыз қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтын, қазақ менеджмент-экономика, болжау институтын (КИМЭП) бітірді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі-футбол жатықтырушысы, ғалым-агроном, экономист-басқарушы мамандықтарын алды. Дана қазағамыз «Атадан бала туса игі, ата жолын құса игі» дегендей ұл-қыздарының ішінде әке жолымен ел басқару ісіне араласу осы кенже ұлына бұйырыпты. Оншақты жыл спорт саласында мұғалім-тренер, облыс, аудан көлемінде спорт қоғам ұйымдарында, спорт мектептерінде басшы қызметтерде атқарса, 1985 жылдан партия, совет, әкімшілік жүйелерінде қызмет атқарды. Аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «Қаратау» совхозы партия ұйымының хатшысы, аудандық партия комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі, Созақ совхозында партком хатшысы, Созақ селолық кеңесінің төрағасы, Созақ ауылының әкімі, аудан әкімінің бірінші орынбасары, 2-шақырылыммен қатар аудандық мәслихат хатшысы, аудан әкімі қызмет баспадақтарынан өтті. Барлығы отбасылы, үбірлі-шүбірлі. Түктібай атамиздің немерелері де лауазымды қызметтер атқаруда. Бүгінде олардан тараған 106 немере, шөбере, шөпшектер бақытты ғұмыр кешуде.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Есімдерін ардақтап өтеміз

Әкем балалық шағын Созақ ауылының батыс жағындағы қазіргі «Ақназар» деп аталатын жерде өткендігін айтып отыратын. Әкем сегіз жасында өз әке-шешесінен айырылған, ағасы Бақтыбай, қарындасы Айнагүл жастай жетім қалған. Үшеуін әкесі Аймырзаның ағасы Баймырза өз қамқорлығына алған. Кейіннен Баймырза ағамыздың үлкен ұлы Тайлақ көкеміз бен Рысқұл апамыздың қолында болып, 1939 жылы шешеміз Назымға үйленгеннен кейін, еншісін алып бөлек шыққан екен. Шешеміз әңгіме арасында «бөлек шыққанда бір төсеніш, бір көрпе, бір жастық алып шыққанбыз» деп бізге сабақ ретінде айтып отыратын. Мен әке-шешеміздің үш ұл, екі қызының ішіндегі кенжесімін. Қарашаңырақтың ұябасары болып, әкеміз бен шешеміздің қасында өмірлерінің соңғы минутына дейін бірге болдым. Қазақта «әке-шешенді бірнеше рет Меккеге арқалап барсаңда олардың алдындағы парызың

өтелмейді», деген сөз бар. Кейде жалғыз қалғанда «әке-шешемнің алдындағы перзенттік парызымды шамалы болса да орындадым ба?», деген ойлар мазалайды. Алайда ата-ананың алдындағы парызыңды толық өтеу мүмкін емес. Ел басқарудың оңай еместігін, барлық ауыртпашылығын, жауапкершілігін өз басынан өткізген әкем менің ауданның атқарушы да, өкілетті де билігін сегіз жылға жуық басқарғанымды көріп, біліп кетсе, мен үшін оның жүрегінде үлкен мақтаныш сезім ұялап, қуанар еді ғой, деген өкініш өзегімді өртеді. Әкемнің қазасынан кейін жиналған жұрттан ұрқаст сұрап, біз анамыз екеуіміз әкем жатқан зиратқа барып басына құран оқып, бір сәт отырдық. Бойымды өксік кер-

неп, жасқа буылығып езіліп жыладым. Сондағы жоғарыдағы айтқан ойлар. Балалық шағым еске түсті. Ата-ана үшін ең бастысы бала-шағасының амандығы, өсіп-өнгені, әрбірі өз арбасын өзі сүйрелеп, қоғамнан өз орнын тапқаны. Одан артық арман, одан артық бақыт жоқ. Құдайға шүкір, біз әке-шешеміздің ұл-қыздары, ұрпағы олардың берген тәрбиесінің өтемінен олардың үмітін ақтадық деп ойлаймын. Өткен жылы анамыз екеуінің қосылып шаңырақ құрғандарына 85 жыл толды. Әкеміздің қоғам өмірінде көтерілген шын жетістіктері, жинаған абырой-беделі, ұрпағы біздің өсіп, жетілуімізге адам болуымызға шешеміз Назымның да өлшеусіз еңбегінің арқасы. Маман көптеген аналар сияқты отба-

сы ошақ қасында болып, бала тәрбиесімен, жұбайының алдасыз қызмет істеуіне жағдай жасаумен шектеліп қалған жоқ. Ол бухгалтерлік мамандықты игеріп, мамандығы бойынша қызмет атқарып зейнеткерлікке шықты. Шешемнің соғыс жылдары өткен қиян кескі еңбегі, басынан өткізген ауыр бейнеті, тылда, жеңіс үшін жан-тәнін аямай өткен апа-әжелеріміздің барлығының басынан кешірген нәубет. Маманның сол жылдары басынан өткен өмірінің бір сәт оқиғасын бір шай үстінде айтқаны есімде қалыпты. 1943 жылдың қысы қатаң. Күн суық. Жел азынап тұр. Жұмысқа бару керек. Қолда екі ұл-Кеңесі екіден енді асқан, Аманкелдісі бірде. Жалғызбасты ана. Үйден орталыққа дейін

едәуір жер. Екі баланы бірдей көтере алмайды. Сонымен үлкенін үйден алып шығып, орта жолдағы бір үйдің шарбағының ықтасынына қалдырып, үйге келіп кішісін алып шығады. Алып келсе, әлгінде ықтасынға отырғызып кеткен Кеңестің үріп тастаған қардан басы ғана қалқып көрініп қалған. Оның айналасын қардан тазалап, шамалы демін алып, Аманкелдісін көтеріп, ары қарай арнайы балаларға қарайтын үйге жеткізіп, одан қайта келіп, Кеңесті жеткізген ғой... Қазіргі жастарға бұл әңгіме аңыз болып естіледі. Шешеміз тек бір отбасының ғана ыйытқысы болмай, бүкіл ағайын-туысты біріктіретін, ауызбіршілікке, ара-қатынасқа шақыратын тұлға болды. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын!

Аманғали АЙМҰРЗАЕВ, ұлы, «Түктібай» кітабынан үзінді.

Кереғар ағымдардан арылу қажет

Ақпараттық-технологиялардың дамуы халықтың интернет арқылы кереғар ағымдардың құрсауына түсу қаупін арттырды. Адамдардың деструктивті діни ағымдарға тартылуы көбіне олардың діни көзқарастарының әлі толық қалыптаспағандығынан, діни сауаты болмауы және ықпалға оңай түсуінен болып отыр. Сонымен қатар, жас адам әрекет етуге мәжбүр болатын тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайлар да жастардың радикалды және экстремистік топтарға тартылу қаупін арттырады.

Бүгінгі таңда кез келген ақпарат өзгеріске ұшырауы мүмкін және қоғамдық пікірге әсер ету міндеттерін орындау мақсатында белгілі бір мүдделер үшін сәтті пайдаланылуы мүмкін. Осыған байланысты ақпараттың негізгі идеясын анықтау, оны тексеру, бақылау және тарату арналарын бақылау қажеттілігі артып келеді.

Жастарды кереғар ағымдарға тарту үрдісі елімізде 1990 жылдардан бері байқалып келеді, бұл бір жағынан қоғамның қарапайым рухани-адамгершілік қажеттіліктеріне, екінші жағынан әртүрлі, жиі өзара қайшылыққа түсетін діни бірлестіктердің жандануы мен өскелең ұрпақтың діни білімінің жетіспеуіне байланысты болды. Халықтың діндар бөлігінің санасының радикалдануына ықпал ететін тағы бір жағдай белгілі бір дәрежеде кейбір азаматтардың (әсіресе жастар арасында) қажетті теологиялық білімнің жоқтығы болып табылады.

Шетелдік діни орталықтардың қызметі қолданыстағы мемлекеттік жүйеге қарсы бағытталған деструктивті діни қауымдастықтарды құруы және қолдауы діни ахуалға қауіп төндіреді, қоғамдық тәртіпті бұзумен қатар, Қазақстан тұрғындарының өмірімен денсаулығына зиян келтіреді.

Сонымен қатар, кейбір жалған діни ұйымдардың заңсыз жолмен алынған материалдық және қаржылық ресурстарды кеңінен пайдаланудан тұратын қылмыстық әрекеттері, сондай-ақ осы діни ұйымдардың басшыларының заңсыз әрекеттері (жарияланбаған қайырымдылықтарды заңмен тыйым салынған мақсаттарға бағыттау, алаяқтық, моральдық және физикалық зиян келтіру және т.б.) қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына төнетін қауіптердің біріне айналууда.

Адамдар ағымдардың арасында ажырасу, талақ айту, ата-анасын кәпірге шығару, бейіт басына құран оқымау, ас беру рәсіміне қатыспау, құран бағыштауға қарсы болу, дұға қылғанда алақанды жаймау және бет сипамау, сақалды бей-берекетсіз өсіру, балақты қысқарту, намаз оқығанда аяғын кең ұстап, қолын кеудесіне қойып оқу сынды көптеген белгілері бар. Бұл белгілерінің барлығының шығу тегі Құран және сүннет біздің жолымыз деп, өзгелерді ширк, бидғатпен айыптау.

Кереғар ағымдардан сақтауы үшін өз бойыңызда 3 қасиетті дамыта біліңіз:

Білім алуға көңіл бөліңіз. Үнемі білімге ұмтылыңыз. Білім – радикализм мен экстремизмге қарсы күрестің қуатты құралы. Ислам діні мен мәдениетін жақсырақ түсіну үшін ислам тарихы, философиясына және этикасына тереңірек үңіліңіз.

Ұлттық мәдениетіңізді меңгеріңіз. Ұлттық қндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи қалыптасқан рухани, мәдени және әлеуметтік байлығы. Бұл қндылықтарға тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, әдебиет, дін, моральдық нормалар мен қоғамдағы қатынастар жатады. Олар халықтың бірегейлігін айқындайды, оны басқа ұлттардан ерекшелейтін болмысы.

Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалаңыз. Қазіргі уақыттағаламтор мен әлеуметтік желілер ақпарат айдынында басты орынға айналды. Дегенменде, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалаңыз. Деректердің сенімді екеніне және оның Исламның шынайы ілімдеріне сүйенетініне көз жеткізіңіз. Асығыс қорытында жасамас бұрын немесе күмән келтіретін ақпаратты қабылдамас бұрын оны дұрыс талдап, түсінуді үйреніңіз. Деструктивті діни ағымдар көбінесе діни мәтіндерді бұрмалап түсіндіруге негізделгенін есте сақтаңыз.

Әрбір адам өмір бойы даму үстінде болады және оның денесімен бірге ішкі жан дүниесі де дамуға тиіс. Сонда ғана ол адам деген ардақты атқа лайықты, жан-жақты жетілген, жеке тұлға болып қалыптасады. Адамзат қоғамының өзі жеке адамдардан тұрады, олай болса қоғамның дамуы, оның әрбір мүшесінің дамып жетілу сапасына байланысты болады. Біз жеке адамдардың өмір салтының рухани жан-жақты дамуына жете көңіл бөлуіміз керек.

А.СЕЙДУЭЛІ,

Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Қазіргі таңда ажырасудың себебі, осы мәһірдің дұрыс өтелмеуінен, яғни арзан дүниемен алдауынан болып жатыр. Мәһір мәселесі жастардың арасында сәнге айналып кеткен. Отбасы құрып, шаңырақ көтеру өмірдегі ең маңызды қадамдардың бірі. Сондықтан оның шарттары мен талаптары заң жүзінде ғана емес дін негізінде де дұрыс орындалғаны абзал.

Исламдағы ер адамның әйелі алдындағы міндеттері туралы ай-

дардың бірнеше көзқарасы бар.

1. Кейбір Хорезмдық және одан да басқа ғалымдар қыздың артынан келетін қалыңмалды тездетіп берілетін мәһір деп санаған. Имам әл-Касани: «Неке қию барысында қыз разылығын ашық айтуға ұялғанындай, мәһірін сұрауға да қысылады. Қыздың үндемеуі оның разылығын білдіргеніндей, мәһірін әкесі алып жатқанда да үндемеуі разы екендігін білдіреді. Әдетте әкесі мәһірді алғаннан кейін үстіне

Алайда ҚМДБ былай деп мәлімдеді:

–Күйеу жігіттің тарапынан төленген қалыңмал, қыздың келісімімен оның жасауына жұмсалатын болса, мәһір ретінде есептелуі мүмкін. Қалыңдықтың ата-анасына немесе туыстарына берілетін сыйлықтар мәһір болып саналмайды,–делінген пәтуада.

Бұл мәлімет күйеулердің дәстүрлі түрде қалыңмал мен мәһірді қатар беретін өңірлерге қатысты айтылды. Қарапайым

Қазақ дәстүріндегі мәһір берудің көрінісі

татын болсақ, негізінен олар материалдық сипатта екені мәлім. Мәһір ұғымының қай қоғамнан қазақ дәстүріне сіңгені белгісіз, алайда, қазақ халқында есте жоқ ескі заманнан келе жатқан «қалыңмал беру» дәстүрі бар.

Қалыңмал – Орталық Азия, Кавказ және Сібір халықтарының дәстүрінде қалыптасқан, қалыңдықтың отбасына күйеу жігіттің ақша немесе басқа да құнды заттар беру дәстүрі.

Ертеде қалыңмал деп қыздың жасауына кіретін заттарды дайындау үшін қалыңдықтың ата-анасына берілетін төрт түлік малды айтса, қазір ол ақшалай беріледі. Мәһірге келетін болсақ, бұл ислам дінімен байланысты ұғым. Оның қалың малдан айырмашылығы мәһірді ер адам әйеліне тікелей береді және ол неке сыйлығы болып табылады. Мәһірге қалыңдықтың рұқсатынсыз ешкім қол сала алмайды, себебі ол– әйелдің жалғыз, қорғансыз қалған жағдайда материалдық, мұқтаждық көрмеуі үшін жасалатын қамқорлық.

Қазақ дәстүріндегі қалыңмалды ислам шариғатындағы мәһір деп есептеуге қатысты ғалым-

қаражат қосып, қыздың артынан жиһазын алып барады», – деген.

2. Кейбір ғалымдар қалыңмалды ұзатылып жатқан қызға белгілі бір нәрсенің (жиһаз т.б.) есесіне берілетін сыйлық деген. Ибн Абидин: «Неке қиярда «дустиманды» мәһір деп айтса, онда ол тездетіліп берілген мәһір есебінде болады әрі күйеу жасауын алып келуді талап ете алмайды. Ал неке қиярда мәһір деп айтылмаса, ол қарымта қайтару шартымен берілген сыйлық болып саналады. Мұндай жағдайда әдет-ғұрыпқа сай қыз тарапынан жасау талап ете алады, – деген» деп келтіреді.

Қалыңмал мен мәһірдің мән-мағынасы, өзіндік жолы бар және олар әртүрлі. Біріншісі–ұлттық дәстүрге негізделсе, екіншісі–діни талап. Олар бірге де, бөлек те өмір сүре алады – бұл әр отбасының көзқарасына байланысты.

Осы жағдайға байланысты өткен жылы 18 қарашада Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы мәһір мен қалыңмал мәселесі бойынша пәтуа шығарды. Көптеген басылымдар, егер қалыңмал берілген болса, онда мәһір қажет емес деп түсінді.

Қазақы қонақжайлылық-әлемге үлгі

Қазақ халқының қонақжайлылығы–ғасырлар бойы қалыптасқан ерекше дәстүр. Ол тек жай ғана қонақ күту емес, бұл –адамгершілік пен ізгіліктің, кеңпейілділік пен бауырмалдықтың жарқын көрінісі. Бүгінде жаһандану дәуірінде көптеген ұлттар ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға тырысып жатқанда, қазақтың қонақжайлық дәстүрі әлемге үлгі боларлық деңгейде өз маңызын жоғалтпай келеді.

Қазақта «Қонақ келсе–құт келеді» деген нақыл бар. Бұл сөздің астарында терең мән жатыр. Қонақты төрге шығарып, дастарқан жайып, барын алдына қою–қазақ үшін бұлжымас қағида. Ерте замандарда көшпенді өмір салтымен күн кешкен қазақтар үшін жолаушыға есікті ашу, оны ас-сусынмен күту–міндет саналған. Өйткені сахарада жол жүрген адамға демалу, тамақтанып алу өте маңызды еді.

Қазақ халқында асты қастерлеу, дәмді құрметтеу ерекше орын алады. Асты дастарқанға жайып, барын қонақпен бөлісу – қазақтың қай кезде де ең үлкен дәстүрі. Қазақтар «Астан үлкен нәрсе жоқ» деп, асты ерекше қастерлейді. Сол себепті құдайы қонақтың шаңыраққа бұйырған несібесін, дәмін қызғану күнә деп саналады. Қонаққа ас ұсыну – сый-құрмет көрсетудің, ырыс-берекенің, достық пен мейірімділікті дәріптеудің бірден-бір жолы. Қонақ разы болып, қуанып ат-

танса, шаңыраққа құт қонады, ырыс артады деген сенім бар.

Қазақ дәстүрінде қонақтың бірнеше түрі бар:

1.Арнайы қонақ–той, ас, мереке үшін арнайы шақырылған жандар.

2.Құдайы қонақ–жол жүріп келе жатып, күтпеген жерден үйге түскен жолаушы.

3.Қыдырма қонақ–туған-туыс, жақын-жұрағат аралап жүрген кісі.

Қай түріне жатпасын, әрбір қонаққа лайықты құрмет көрсетіліп, оған сый-құрметпен қарау–қазақтың жазылмаған заңы.

Қазақтың қонақжайлылығы тек бір рулы елге ғана емес, басқа ұлт өкілдеріне де таралған. Тарихқа көз жүгіртсек, ашаршылық жылдары, соғыс кезінде немесе түрлі саяси жағдайларға байланысты қазақ жеріне көптеген өзге ұлт өкілдері қоныстанды. Сол кезеңдерде қазақ халқы барымен бөлісіп, өз шаңырағына өзге этностарды паналатты. Бүгінде Қазақстанның көпхалты болуының бір себебі де осы кеңпейілділіктен бастау алады.

Бүгінде де қазақ халқы құдайы қонақ дәстүрін ұмытпай, қонақжайлылықты жоғары ұстайды. Қалада немесе ауылда болсын, қазақ отбасылары үшін үйіне келген қонақты риза ету, кең дастарқанын жайып, жылы қабақпен қарсы алу міндет деп саналады. Құдайы қонақ дәстүрі уақыт өткен сайын өзгергенімен, оның басты

қағидалары – мейірімділік, кең пейілділік, бір-біріне деген адалдық пен сыйластық– қазақ халқының мәдениетіндегі маңызды орнын сақтап келеді.

Қалалық жерлерде өмір сүру ырғағы өзгергенімен, ауылдық жерлерде дәстүр әлі де сақталуда. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мейрамдарда – Наурыз, Құрбан айт, Тәуелсіздік күні сияқты мерекелерде қонақ күту, дастарқан жаю дәстүрі жалғасып келеді.

Сонымен қатар, туризм саласында да қазақтың қонақжайлылығы ерекше рөл атқарады. Қазақстанға келген шетелдік саяхатшылар қазақтың кең дастарқанын, қымыз бен шұбат, ұлттық тағамдарын жоғары бағалайды. Туризмді дамытуда дәл осы қасиет– халқымыздың басты артықшылықтарының бірі.

Қазақтың қонақжайлылығы – ата-бабадан мирас болған баға жетпес құндылық. Ол тек жеке адамға емес, бүкіл қоғамның мәдениеті мен рухани дамуына әсер ететін үлкен фактор. Бүгінде ұлттық болмысымызды сақтау үшін осы қасиетті дәстүрді жаңғыртып, кейінгі ұрпаққа үйрету – әрбір азаматтың міндеті. Егер әр халық қазақтай қонақжай болса, әлем мейірімге толы болар еді!

А.ҚҰРМАНБЕК,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң,
қаларсың ұятқа.

Адам баласының өмір сүру барысы оның айналасындағы адамдармен және қоғаммен байланысы арқылы қалыптасады. Орта мен жеке тұлғалардан алатын әсерлер адамның дүниетанымын, моральдық және рухани құндылықтарын қалыптастырады. Бұл тұрғыда жақсы адамдармен жолдас болудың рөлі ерекше. «Маған досыңды көрсет, мен саған кім екеніңді айтамын» деген қазақ даналығы да адамның ортасы мен дос таңдауының маңызын көрсетеді.

ЖАҚСЫМЕН ЖОЛДАС БОЛУ: ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ызын көрсетеді.

Жақсы тәлім-тәрбиенің ба- стаулары

Адамзаттың тәрбие алуы мен тұлға болып қалыптасуы бірнеше негізгі көзден жүзеге асады. Әсіресе, бұл үдерісте төмендегі үш басты бағытты атап өту қажет:

1.Отбасы–ата-ана, ата-әже және туған-туысқан.

2.Ұстаз–білім мен ғылымды жеткізуші тұлға.

3.Жақсы жолдас–рухани және тұлғалық дамуға тікелей әсер ететін дос.

Отбасы–тәрбие мен өнегенің алғашқы мектебі. Мұнда адам бойына ізгілік, мейірімділік, адалдық және еңбекқорлық секілді негізгі құндылықтар қалыптасады. Ата-ана, ата-әже және туған-туыстар әрдайым жақсылыққа баулып, жамандықтан сақтануға шақырады.

Ұстаз–білім мен тәрбие беруші ретінде адамның ақыл-ойы мен рухани әлемін қалыптастырушы маңызды тұлға. Қазақ халқы ұстаздың рөлін ерекше бағалап, «Ұстазы жақсының–ұстанымы жақсы» деп жоғары баға берген.

Жақсы жолдас–тұлғаның мінез-құлқын, көзқарасын және өмірлік бағытын айқындауда үлкен әсер ететін ерекше тұлға. Дегенмен, адамдар арасында жақсы мен жаман жолдастың айырмашылығын түсінбеу жиі кездеседі. Бұл жағдай адамды қателіктерге, кейде тіпті моральдық құлдырауға алып келеді. Жақсы жолдас жеке тұлғаның адамгершілік және рухани дамуына ықпал етсе, жаман жолдас керісінше зиян тигізуі мүмкін.

Жақсы адамның қасиеттері
Жақсы адамның қасиеттерін тану үшін оның бойындағы белгілерді анықтап алған жөн. Ғылыми және теологиялық тұрғыда бұл қасиеттер мынадай:

Адалдық–сөз бен ісінде шыншыл болу.

Әділдік–барлық жағдайда әділ шешім қабылдай білу.

Мейірімділік–өзгелерге жана-шырлық танытып, қолдау көрсету.

Ақылдылық–саналы ойлау мен көрегендікке ұмтылу.

Рухани байлық–ішкі және сыртқы дамуға көңіл бөлу, білім мен тәжірибесін бөлісуге дайын болу.

Жақсы адам қоғамда маңызды рөл атқарып, өзгелерге үлгі болады. Оның іс-әрекеті мен көзқарасы басқа адамдардың рухани және интеллектуалдық деңгейін арттыруға көмектеседі. Мұндай тұлғалармен қарым-қатынас жасау адамның моральдық және психологиялық дамуына оң әсерін тигізеді.

Жақсы жолдасты таңдау
Жақсы жолдас таңдау – жеке

тұлғаның өмірлік бағытын анықтаудағы маңызды қадам. Бұл үдерісте адам алдымен өзіне мынадай сұрақтар қоюы қажет:

Қандай ортада өмір сүргісі келеді?

Өзінің мінез-құлқы мен көзқарасында қандай қасиеттерді дамытқысы келеді?

Бұл сұрақтарға жауап беру жеке тұлғаның болашақ ортасын қалыптастыруына көмектеседі. Жақсы адамдардың мінез-құлқын, өмірлік ұстанымдарын және рухани құндылықтарын зерделеу арқылы олардың бойындағы қасиеттерді үлгі етуге болады. Сонымен қатар, жолдастардың

жақсылықтарын бағалау ғана емес, оларға қолдау көрсету және түсіністік таныту да маңызды.

Жақсымен жолдас болу- дың діни-рухани негіздері

Жақсы адамдармен араласу–жеке тұлғаның рухани және дүниелік жетістіктеріне жету жолындағы маңызды факторлардың бірі. Ислам діні де жақсы адамдармен қарым-қатынастың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.): «Жақсы дос пен жаман достың мысалы – хош иіс сатушы мен темір ұстасының мысалы сияқты. Хош иіс сатушының қасында болған адам оның иісін алады немесе одан хош иісті сыйлық алады. Ал темір ұстасының қасында болған адам оның күйік иісін сезініп, киімі күйіп қалуы мүмкін», – деген.

Бұл хадис адамның ортасының оның рухани және мінез-құлықтық қасиеттеріне тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Жақсылармен бірге болу тек жеке адамның дамуына емес, оның қоғамдағы рөліне де оң әсер етеді.

Жаман адамдардан сақта- ну

Жақсы достармен араласу қаншалықты маңызды болса, жаман адамдардан аулақ болу да соншалықты қажет. Жаман адамдардың бойында өсек, өтірік, алдау, біреуді қаралау сияқты қасиеттер болады. Мұндай мінез-құлық жеке тұлғаның моральдық және рухани дамуына кері әсерін тигізеді. Қазақ даналығы: «Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер, жаманмен жолдас болсаң, басың кетер» деп жаман жолдастан сақтануды насихаттаған.

Қорытынды

Жақсымен жолдас болу–адамның өмірлік жетістіктерінің бастауы. Жақсы орта адамды алға жетелеп, оның рухани және интеллектуалдық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мұндай адамдармен қарым-қатынас жасау жеке тұлғаның өмірлік ұстанымдарын дұрыс қалыптастыруға, қиындықтарды жеңуге және моральдық құндылықтарын нығайтуға көмектеседі.

Жақсы адамдармен жолдас болу жеке тұлға үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Олар тек сөзбен ғана емес, іс-әрекеттерімен де өзгелерге үлгі болып, қоғамның дамуына ықпал етеді. Сондықтан әрбір адам жақсы адамдармен араласу арқылы өзінің рухани және дүниелік деңгейін жетілдіреді алады. Жақсымен жолдас болу–тек жеке жетістікке жету ғана емес, қоғамға да үлкен пайда әкелетін маңызды қадам.

Д.ЗИЯБЕК,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Қазақ хандығы кезіндегі діни реформалар мен өзгерістер

Қазақ даласында қолданылған Шыңғыс ханның «Яса» заңдар жинағынан кейін ең алғашқы қолданған заңдар жинағы Қасым ханның «Қасқа жолы» атты заң. «Қасым ханның Қасқа жолы» туралы қазақтың ауыз екі әңгімелерінде ғана аздаған мәліметтер кездеседі. Дегенмен бұл заң көшпелі ру-тайпаларды жергілікті әдет-ғұрып заңымен ел ішінде тәртіп орнату болатын. Бұл туралы зерттеуші ғалым М.Исахан <https://kazislam.kz/> сайтында «Қасым ханның қасқа жолы» Қазақтың алғашқы конституциясы атты тақырыпта мынадай мақала жариялапты.

«Қасым ханның қасқа жолы»–Қазақтың алғашқы конституциясы Қазақстандағы Ислам Алтын Орда билеушісі Берке хан кезінен бастап, Жошы ұлысы «Ұлы Яса» заңы мен шарифат заңдарын қатар ұстана бастады. «Қасым ханның қасқа жолы» мынадай тараулардан тұрды: 1) Мал-мүлік заңы. Онда мал, жайылым жер туралы мәселелерді реттеуге байланысты нормалар белгіленген; 2) Қылмыстық жаза. Яғни, қылмыстық істер заңында кісі өлтіру, мал тонаушылар сияқты қылмысты жазалаудың нормалары; 3) Әскери ережелер. Яғни, әскери міндетті өтеу заңында әскери қосын құру және әскери міндет өтеу туралы қағидалар берілген; 4) Елшілік заңы. Елшіліктің негізгі құқықтық парыздары мен міндеттерін белгілейтін нормалар; 5) Жұртшылық заңы. Өлім-жітімге байланысты, сондай-ақ, әртүрлі мерекелік шараларды, салттар мен ғұрыптарды атқаруға қатысты бақауыл, жасауыл, тұтқауылдардың міндеттері қатысты құқықтық нормалар. «Қасым ханның қасқа жолының» толық мазмұны сақталмаған. Оның бір себебі, қазақтың билер соты мәтіндік нормалармен емес, даналық пен тапқырлыққа негізделген сот прецеденті әдіснамасымен жұмыс істеді. Низамның негізгі қағидалары мен жазалау нормалары белгілі болса, арықарай билер сияса-шария (шариғаттың саясаты), хила-й шария (айла-шарғы), хикмет-ташриғ (шариғат хикметі) әдістерімен қоғамдық қатынастарды реттеп отырды. Яғни, «Қасым ханның қасқа жолындағы» бес тарауда қазақ қоғамына тән барлық қарым-қатынас түрлері толықтай қарастырылды.

XVII ғасырдың алғашқы ширегіндегі мемлекет және құқық туралы түсініктердің деңі «Есім ханның ескі жолы» атты ережелермен байланысты. Есім ханның «Ескі жолы» –дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жиынтығы. Есімхан 1598-1628 жылдары билік құрған кезінде, өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасымның заңдарын іс жүзінде қолданды. Бұл заң ережелері: Жерге қатысты заңдарды; Малға байланысты ережелерді; Мүлктік қатынастарды; Қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру, қасақана жарақат келтіру); Әйелдердің қоғамдағы жағдайы туралы; Әскери міндеттілік туралы; Дәстүрлі шаралар мен кедейлерге көмектесу туралы мәселелерді қарады. Бұл заң нормалары да жазбаша түрде сақталмаған. Қазақ халқының өмірінде елеулі болған бертінге дейін ел арасында сақталып келген «Жеті жарғы» заңдар жүйесі.

«Жеті жарғының» толық нұсқасы сақталмаған. Оның үзінділерін К.Шүкірәлиевтің (1804), Я.Гавердовскийдің (1806), А.Левшиннің (1832) жазбаларынан оқуға болады. Сондай-ақ, Н.Гродеков, Л.А.Словохотов, А.П.Чулошников тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері шежіреші Ә.Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға жақын келеді.

Жеті жарғы заңдар жинағында тек қана саясат пен тәртіп қана емес дінге байланысты да арнайы баптар қарастырылған. Біздің күнімізге жеткен бөліктерін де дінге қатысты мынадай баптар қарастырылыпты:

1. Құдайға тіл тигізген адам, егер тіл тигізгенін жеті адам дәлелдеп, куәлік берсе, өлім жазасына кесіледі. Өлім жазасы шариғат талабына сәйкес тас-

пен атып орындалады.

2. Өзге дінге кірген, соның ішінде христиан дініне кірген адам, өз мал-мүлкіне, қатын баласына иелік хақынан айырылады. Себебі мал-мүлікке, адам жанына ру ортақ. Осы себепке байланысты «шоқыншының» мал-мүлкін, қатын-баласын ағайын-туыс бөліп алса қылмыс болып табылмайды.

3. Өзін-өзі өлтірген, жазалаған адамдарға жаназа оқылмайды, олар ру қорымынан бөлек жерленеді.

4. Адам өлер алдындағы өсиетін ағайындар мен молданың алдында айтуы қажет. Егер де ауылда молда болмаса, өсиетті жақын ағайын, жолдас арасында айта береді.

5. Шариғат жолы әуелі Құран кәрімге, одан кейін хадистер мен сүннетке негізделеді. Осы себепті даулы мәселелер бойынша /істер/ шешімді діни оқуды меңгерген, шариғатты жақсы білетін және адалдығымен елге танылған адамдар айтуы қажет.

6. Қарыз беруші қарызын өсімімен алуға қақы жоқ.

7. Қарызын қайтара алмаған адам қызметімен өтейді.

8. Шариғат бойынша әкеден қалған мұра ұлдарына екі есе, қыздарына бір есе тәртібімен бөлінеді.

9. Марқұмның өз баласы болмаса аға-інісі екі есе, апа-қарындасы бір есе мұра алады.

10. Егер марқұм көзі тірісінде біреуге қарыз болса, бала-шағасы оны өтеуге міндетті.

11. Ұрлық жасаған адамның ұрлағаны 10 тилләден (теңге) көп болса бір қолы кесіледі.

12. Ұсақ заттар (сабын, балық, құс) ұрлық болып табылмайды, жаза кесілмейді.

13. Ерлі-зайыпты адамдар арасында кездесетін көзге шөп салу /зина/ 4 куә көзбен көріп мойындатса өлім жазасына /таспен атып/ кесіледі.

14. Зинаға байланысты жалған куәлік берген адамға 30 рет дүре соғылады.

15. Шариғат бойынша арақ, ішіп ләйліп жүрген адамға 80 рет дүре соғылады.

16. Діннен шығу – иртидад /ислам/ өлім жазасына кесіледі /таспен атып өлтіру/.

17. Қоғамдық тәртіпті бұзу, ел басшысына, үкіметке қарсы көтеріліс, өлім жазасына кесіледі.

29. Адам өлтірген қылмыс бойынша қазы қылмыскерді өлім жазасына кеседі /қысас/.

30. Егер өлген адамның туыстары көшірім берген жағдайда, қыл-мыскер құн төлейді/дийа/.

31. Егер қылмыс, не дау шешімі шариғатта /құран, сүннет, хадис/ көрсетілмеген болса, қазы өз түсінігі бойынша жаза кеседі/тазир/.

32. Шариғат кембағал адамдарға қайыр сұрауға рұқсат етеді. Сарт қоныстарында ақсақал өзі бас болып «Тәңірінің хақы» деп қайыршыға қамқорлық жасайды. Қазақ арасында да кем адамға, дін өкіліне, ел кезіп жүрген дуанаға көмек бірінші міндет болып есептеледі, себебі бәрі Алла-ның ісі, бұйрығы делінеді.

Жеті жарғы заңдар жинағына байланысты мәліметтер тарихшы, этнограф Ж.Артықбаевтың «Жеті жарғы мемлекет және құқық ескерткіші» еңбегінен алынды. Жоғарыда көрсетілген кейбір баптар XIX ғасырға дейін қалада өмір сүріп жатқан сарт-қазақтар арасында орындалып келгені байқалды. Қарап тұрсаңыз заңның барлық баптары Құран және Сүннетке негізделген. Бұл жаза рәсімдерін «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұстанымда болған би, ақсақалдардың атқарғаны анық.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Сыбайлас жемқорлық тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет— сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкім-

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық— індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеу-

Қоғам дертінен арылу- болашағымыз үшін маңызды

шілік реформа қажетсіз қағаз-бастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

меттік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол—жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу—әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Асима МЫРЗАБЕКОВА,
Жуантөбе ауылдық округі әкімінің кеңесшісі, іс басқарушысы.

Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қ.АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
М.ҚОЖАХМЕТОВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Азаматтардың төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы берген өтініштерін қарау тәртібі

Азаматтардың «Qoldau» ақпараттық базасы арқылы берген өтініштері қанағаттандырылып, банкрот деп тану туралы шешім Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы заңының 5 бабына сәйкес, қабылданады:

1. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын міндеттемелердің болуы және жиынтығында мынадай:

1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы;

2) арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы;

Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі.

Өтеудің болмау мерзімі

әрбір банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша соңғы төлем күнінен бастап есептеледі.

Егер коллекторлық агенттік төлемнің болмауының өзге мерзімін растамаған жағдайларды қоспағанда, құқықты (талапты) басқаға беру шарты бойынша коллекторлық агенттікке берілген банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеудің болмау мерзімі соңғы төлем күнінен бастап құқық (талап ету) коллекторлық агенттікке берілгенге дейін есептеледі;

3) кредитор мен борышкердің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдерді жүргізуі шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он екі айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет;

4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

2. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының ережесіне қарамастан, ол арыз беруге құқылы болады.

3. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге бес жылдан асса, осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, борышкер арыз беруге құқылы болады.

Ермек АТЕНОВ,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маман-заңгері.

Орман өртіне абай болайық!

Көктем келген сайын жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға көрік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтылығы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қияна-тымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені барша-мызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық таза-лығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Талғат СӘДУОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің орман шебері.

Байытылған ұнның пайдасы

Бүгінгі таңда азық-түлік өнімдерінің көпшілігі технологиялық өңдеу нәтижесінде пайдалы қасиеттерін жоғалтады. Оларды қалпына келтірудің ең жақсы тәсілі - байыту (фортификация). Атап айтқанда, ұн витаминдермен және микроэлементтермен байытылғаннан кейін адам ағзасына шынымен пайдалы болады. Бұл біздің еліміздің заңнамасында да қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында ұнның жекелеген түрлерін микроэлементтермен және витаминдермен міндетті түрде байыту көзделген. Осының негізінде ұн зауыттары ұнды темір, мырыш, фолий қышқылы және дәрумендерден тұратын витаминді-минералды кешенмен (премикспен) байытады. Нәліктен байыту үшін бидай ұны таңдалады? Тек жоғары және бірінші сұрыпты ұн ғана байытуға жатады, оны дайындау кезінде астық микроэлементтердің (витаминдердің) ең көп мөлшері бар қабығынан тазартылады.

Темір тапшылығынан жер бетінде 2 миллиард адам зардап шегеді. Шешім жолдары: Витаминдер мен минералдардың тапшылығы мәселесін шешудің 3 негізгі жолы бар: Қосымша қабылдау —құрамында қажетті микроэлементтер немесе витаминдер бар таблеткалар немесе сироптар түріндегі препараттарды (дәрілік емес) қабылдау; азық-түлікті байыту—тағамды маңызды микроэлементтермен және витаминдермен байыту (мысалы, бидай ұнын темірмен, фолий қышқылымен, витаминдермен және тұзды йодтаумен байыту); тамақтану әдеттерін өзгерту — микроэлементтер мен витаминдерге бай тағамдардың биожетімділігін және тұтынуын арттыру, сондай-ақ микро-элементтердің сіңуіне кедергі келтіретін заттарды қабылдауды реттеу.

Байытылған ұнды қалай ажыратуға болады? Байытылған (байытылған) ұнды бірқадағы “Sog-lom Mahsulotlar” арнайы логотипімен және «Дәруменді және минералды қоспамен байытылған ұн» деген жазумен ажыратуға болады. Темір тапшылығы анемиясының алдын алу үшін қалай дұрыс тамақтану керек? Байытылған нан-дар мен кондитерлік өнімдерден басқа, темірге бай тағамдарды жеуге тырысыңыздар: бұршақ, мош, жарма, жүгері және жасыл көкністер. Көбірек жаңа піскен көкністер мен жемістерді жеңіздер. Есіңізде болсын, шай мен кофе тағамдағы темірдің сіңуіне 70-100% кедергі келтіреді, сондықтан шай мен кофені тамақ кезінде немесе тамақтан кейін бірден ішпеңіз. 30 минут күтіңіздер.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Тарихы терең Таңбалы тас

Мектептегі үзілісте тарих пәні мұғалімі Манабаева Шарапат апай аудандық жобалар байқауына қатысатынымды айтып, осыған байланысты өлкеміздегі табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштермен танысып, солардың біреуін зерттеуіме тақырып ретінде таңдап келуімді тапсырған болатын. Біршама ізденістен кейін қазақ тарихында ерекше орын алатын Түркістан облысы, Созақ ауданының Ұлытау облысымен шекаралас аймағында орналасқан Таңбалы жар ескерткіші туралы жоба жұмысын жазып көремін деген шешімге келдім. Құнды мұраны көзбен көру үшін демалыс күндері жолға шықтық. Тұрғылықты жерім – Ыбырай ауылынан Қыземшек кентіне дейін 120 шақырым, одан ары батысқа қарай тағы 130-140 шақырым жол жүріп, жәдігер орналасқан жерге де келдік. Таңбалы тас батыс бөлігі үлкен сор, шығыс бөлігі ұзыннан созылған сай болатын, тек ауа-райының қолайлы кезінде ғана жетуге болатын Бетпақдаланың құмшауыт жерінде орналасыпты. Құнды мұра «Аппақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен қоршалып, барар жолға белгілер қойылып, бірнеше жыл бұрынқара жол түсіріліпті. Таңбалы жар ескерткішінің тарихы да өте қызықты екен. Құнды мұраға қатысты Ресейлік және Отандық ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне жасалған талдаулармен танысып, аталған таңбалардың көне оғыз



дәуірлерінен бастап қазақ хандығы тұсындағы ру таңбаларымен жалғасатындығын білдім. Жергілікті өлкетанушы Сүлеймен Тәбризханның «Таңбалы тас – қазақ тарихының шоқтығы биік ескерткіші» деген кітабында осы тарихи ескерткіштің құпия сырларын ашуға арналған екен. Таңбалы тасқа зер салып қарайтын болсақ, арғынның көз таңбасын, найманның бақан таңбасын, адайдың оқ таңбасын, жағалбайлының балға таңбасын, қаңлы, керейт, жалайыр, шапырашты руларының таңбаларын көруге болады. Бұл – бүгінгі күні бізге жеткені ғана. Тарихи деректерде Таңбалы жарда өте көп рулардың таңбалары болғандығы айтылады. Уақыт пен табиғат құбылыстарының әсерінен бөлек, Таңбалы тас-кеңестік жылдарда геологтар қолымен жарылып, сындырылған екен. Өкініштісі, дала руларының таңбасы басылған белгі-ескерткіш күні бүгінге дейін тарихшы-ғалымдардың назарынан тыс қалып, мемлекеттік деңгейде қорғауға алынбай келеді. Тарихи ескерткішті өз көзіммен көргеннен кейін өз ұсыныстарыммен бөлісе кетуді жөн санадым: Таңбалы тас көшеніне келушілерге таныстыру мақсатында ескерткіш туралы ақпарат және оның тарихи маңызы жайында жазылған арнайы тақтатас (табличка) қойылса; Кешеннің қазақ халқының тарихындағы маңыздылығын ескере отырып, мемлекеттік қорғауға алып, таңбалардың көшірмесін жасатып және тарихта жасалған суреттерге іздеу салынса. Себебі тарихи ескерткіш 19 ғасырдың өзінде-ақ ғалымдар назарына ілініп, суреттері түсірілген; Таңбалы жар ескерткіштеріне әртүрлі сала ғалымдарын қатыстыра отырып, көшенді зерттеу ұйымдастырылса; Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Таңбалы жар көшендерін қайта қалпына келтіру қолға алынса; Тарихи ескерткіштің қалған бөлігіне жабық ғимарат салынса. Себебі қалған тас табиғат құбылыстарының әсерінен мүжіле бастаған. Қорыта айтқанда, өлкеміздегі Таңбалы жардың тарихы да әрі барған сапарымыз да мен үшін қызықты дүние болды! Бұл өлкеміздің, байтақ даламыздың тарихына деген менің қызығушылығымды арттыра түсті. Барша достарымды, еліміздің азаматтарын тарихи ескерткіштерімізді танып-білуге, оларды барып көруге шақырамын!

Әжіғали СЫРЫМ,

Құрманғазы атындағы мектептің 9 сынып оқушысы.



Тәкен мектебіндегі татымды шара

Ақын Жеңіс Қарғабаевтың туылғанына 80 жыл толуына орай Тәкен Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің мәжіліс залында «Дәуір данасы» атты еске алу шарасы өтті. Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлы адам өмір сүрді. Ол-дана халықтың дара перзенті, сайын Созақтың өнеге тұтар тұлғасы Жеңіс Қарғабаев. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді!» деген қанатты сөз бар. «Дәуір данасы» атты кешімізге ақынның ұлы Мақсат Жеңісұлы, Созақ аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, Жеңіс ақынның шәкірті, ішкі істер органының ардагері Абай Тұрмаханов, аталмыш мектептің басшысы Шардарбеков Сәкен, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Бақыт Жұмаділов пен Ақбаян Омарбекова қатысып отырды. Мәжіліс залына мектеп кітапханашысы Нысанбекова Қалима апайымыз ақынның өмір жолы мен шығармашылық жолына тақырыптық көрме жасады. Шарада алдымен мектептің кітапхана меңгерушісі Мәдина Жәнібекова «Ерте үзілген ғұмыр» атты баяндама оқып, ақынның шығармашылығы мен өмір жолына шолу жасады. Лед экраннан ақынның өмірі мен қызметіне арналған видеоролик көрсетілді. Сахна төрінде Жанысбай Ару, Бө-

генбай Диана, Зиябек Ерасыл, Елеусіз Әділбек, Дәндібай Балауса, Жасымбек Айшабибі атты мектептің бір топ оқушылары Жеңіс атамиздың өлеңдерін жатқа оқыды. Сахна төрінде Жеңіс Қарғабаевтың сөзіне жазылған, ақын, сазгер Қазыбек Мыңжановтың «Қайдасың менің Баяным» атты әнін мектебіміздің музыка пәнінің мұғалімі Тәжібаева Әсел тамылжыта орындады. Сонымен қатар, кеш модераторы Мәдина Әбдішімқызы Мақсат ағамыздың аяулы анасы, Жеңіс атамиздың асыл жары, ұзақ жылдар Фани Мұратбаев атындағы орта мектептің кітапханасында кітапханашы болып еңбек еткен, екі кітаптың авторы Тұрсынқызы Зағипа апамыздың ақын туралы жазған естелігінен үзінді оқыды. Ұрпақтар сабақтастығы мақсат тұтқан келелі кеш барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Белбатырова Гүлнұр апайдың «Сырлы Созақтың мақтанышы-Мақсат аға» атты шығармашылық шолуына ұласты. Мақсат ағамыздың қаламы алуан саланы қамтып келеді. Жер-су атаулары шежіресін зерделей келе, өлке тарихындағы тұлғалы азаматтар, қарапайым еңбек адамдары, замандас бейнелерін орамды тілмен суреттеп, тап-тұйнақтай етіп оқырманға ұсына қояды. Бұл сүбелі үлес, бұл жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің, журналистік зерттеулерінің адал жемісі. Ақын ағамыздың өлең шумақта-

рын 1 сынып оқушысы Жанысбай Айғаным, 6 сынып оқушылары Амантай Қазына, Мансұр Амила, 7 -сынып оқушысы Әуелбек Шоқан атты оқушылар мәнерлеп оқып көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Мақсат ағамыздың сөзіне жазылған жерлес сазгер Төлжанбек Жақсыбаевтың «Телегей күй Теріскей» атты әнін мектептің саз пәнінің ұстазы, «Созақ серілері» тобының мүшесі Ерғали Нұрғалиұлы керемет орындап шықты. Жеңіс атамиздың, яғни ақынның «Қазақстан әйелдері» журналының 1971 жылғы шілде айындағы санында жариялаған «Анашым-заңғар биігім» атты өлеңі кімді де болса бейжай қалдырмайды. «Танысып, таныс әр төбе, Терегін құштым өртені. Тастарын басу Шағаның, Жігітке қандай мәртебе!», деп өзі тебірене жұрға қосқан ақын туған ауылы Шағаның торқалы топырағын жамылып жатыр.

Бүгінгі таңда барлық құрметке лайықты Жеңіс атамиздың рухына біз де мыңда бір тағзым етіп, аруағы алдында бас июге тиіспіз. Халқының қадірін білген елі мен жерін сүйген, сол үшін ғұмыр сүрген адам халық жайында мәңгі қалады. Халқы қадірлеп қадір тұтқан ақын Жеңіс Қарғабаевтың есімі бізбен бірге мәңгі жасай бермек.

Мәдина ЖАНЫБЕКОВА,
Т.Әлімқұлов атындағы
№14 мектеп интернат-
лицейінің кітапхана
меңгерушісі.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш қондырғылардан болатын өрттердің алдын алу. Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болу қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған

сақтандырғышты қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса, «қорғанысы» істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, өрт басталады. Әрқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болу мүмкін. Сондықтан сақ болған абзал.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар
бөлімінің аға инженер азаматтық қорғау
аға лейтенанты.
Мырзахан ҚОЖАХМЕТОВ,
бөлім бастығы, Азаматтық қорғау под-
полковнигі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.